



**Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМҚ**

**2025 жылғы ақпан айына
АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ**



АСТАНА 2025

| | |
|---|----|
| Алғы сөз..... | 4 |
| Қазақстан аймақтары бойынша ақпан айының қысқаша климаттық сипаттамасы | 5 |
| Ақпан айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте)..... | 6 |
| 2025 жылдың ақпан айында күтілетін орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы..... | 7 |
| Ақпан айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) | 7 |
| 2025 жылдың ақпан айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы | 8 |
| Ақпан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) | 8 |
| 2025 жылы Қазақстан аймақтары бойынша ақпан айында күтілетін орташа ауа температурасы | 9 |
| Ауа райының облыстар бойынша графигі | 10 |
| 2025 жылдың ақпан айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы | 12 |
| Батыс Қазақстан облысы | 12 |
| Атырау облысы | 13 |
| Маңғыстау облысы | 14 |
| Ақтөбе облысы | 15 |
| Қостанай облысы | 16 |
| Солтүстік Қазақстан облысы..... | 17 |
| Ақмола облысы | 18 |
| Павлодар облысы | 19 |
| Ұлытау облысы | 20 |
| Қарағанды облысы | 21 |
| Абай облысы | 22 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 23 |
| Қызылорда облысы | 24 |
| Түркістан облысы | 25 |
| Жамбыл облысы | 26 |
| Алматы облысы | 27 |
| Жетісу облысы | 28 |

АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ($\pm 5^{\circ}\text{C}$) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Астана қ. Мәнгілік Ел көшесі 11/1.

Құрастырған АРҰМББ жетекші инженері: О. Васюкова.

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник: Масалимова Г.
тел. (7172) 79-83-95

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

Қазақстан аймақтары бойынша ақпан айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Ақпан айы қыс кезеңін аяқтайтын ай болғанымен, оның климаттық сипаттамасы мен циркуляциялық ерекшеліктері қаңтардікіне өте ұқсас.

Ақпан айында ауаның орташа көпжылдық температурасы республиканың солтүстігінде, шығысында $-13-18^{\circ}\text{C}$, қиыр оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ құрайды.

Тәуліктің жарық уақыты қаңтармен салыстырғанда, айдың аяғына таман 2,5-3 сағатқа ұзарады. Осыған байланысты ауаның орташа айлық температурасы еліміздің оңтүстік пен оңтүстік-шығыс аудандарында $3,0-3,8^{\circ}\text{C}$ -қа, қалған жерлерде $0,5-1,5^{\circ}\text{C}$ -қа жоғарылайды.

Түркістан облысының оңтүстік аудандарында айдың бірінші жартысында ауаның орташа тәуліктік температурасының 0° арқылы оң мәндерге тұрақты өтуі байқалады.

Өте суық жылдары ауаның орташа айлық температурасы республиканың солтүстік жартысында $-24-27^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста -32°C , Қазақстанның қиыр оңтүстігінде -18°C -қа дейін жетуі мүмкін.

Өте жылы жылдары ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның солтүстігінде $-8-12^{\circ}\text{C}$ -тан оңтүстік Қазақстан облысында $+5+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін өзгереді. Ауаның орташа айлық температурасының көпжылдық орташа мөлшерден ауытқуы өте жылы болған ақпанда $3-10^{\circ}\text{C}$, өте суық жылдары $5-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін барады.

Ақпандағы абсолюттік минимум республиканың солтүстік бөлігінде $-47-52^{\circ}\text{C}$, ал оңтүстік аудандарда $-37-45^{\circ}\text{C}$ дейін жетуі мүмкін.

Ақпандағы абсолюттік максимум солтүстік облыстарда $+4+9^{\circ}\text{C}$, шығыс облыстарда $+6+15^{\circ}\text{C}$, орталық облыстарда $+8+19^{\circ}\text{C}$, батыс облыстарда $+11+22^{\circ}\text{C}$, оңтүстік облыстарда $+20+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жетуі мүмкін.

Ақпанда жауын-шашынның орташа айлық мөлшері қаңтармен салыстырғанда оңтүстік облыстарда сәл ғана көбейіп, республиканың қалған аумақтарында біршама аздау болады. Республиканың көпшілік аумағында 6-27 мм, тек оңтүстік-шығыстың, шығыстың және оңтүстіктің тау бөктерлі және таулы аудандарында 25-47 мм дейін, ал оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстың, шығыстың тауларында 61-110 мм-ге дейін барады.

Ең ылғалды жылдары Қазақстанның көптеген жерлерінде жауын-шашынның мөлшері 17-65 мм, оңтүстіктің, оңтүстік-шығыстың тау және таулы аудандарында 76-236 мм болады.

Ақпан айында жауын-шашынды күндердің орташа саны Республиканың көпшілік аудандарында 10-12, шөл аймақтарында 6-7 күндей болады. Солтүстік облыстарда жауын-шашын көбінесе қар түрінде, оңтүстік облыстарда қар және жаңбыр түрінде жауады. Аралас жауын-шашын Түркістан облысында 50 %-ын құрайды.

Қаңтардан ақпанға қарай қар жамылғысының қалыңдығы үлкейе бастайды және ақпанның соңына қарай республиканың солтүстік облыстарының ашық жерлерінде 15-35 см, кейбір жылдары 50 см және көбірек, тауларда 2м-ге дейін барады. Оңтүстік облыстарда қар

жамылғысының қалыңдығы шамалы 3-15 см, тауларда 70 см-ден 2 м-ге дейін құбылмалы болады. Республиканың оңтүстігінде тұрақты қар жамылғысы ақпанның екінші жартысында бұзыла бастайды.

Ақпанда Қазақстанның көптеген аудандарында желдің орташа айлық жылдамдығы 4,5-7,5 м/с, қиыр оңтүстікте, оңтүстік-шығыс және шығыста 1,0-4,3 м/с, Каспий теңізінің жағалауында, Мұғалжар тауларының өңірінде, Жаңғызтөбеде және Қордай асуында 6,0-9,5 м/с, Жалаңашкөлде 13 м/с-қа дейін жетеді.

Қаңтардағы сияқты ақпанда да борандар жиі 2-3 күндей, кей жылдары бұл айда 10-13 күндей соғады. Ең көп боранды күндер саны 9-12, ал кейбір жылдары әсіресе Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының солтүстігінде, Ақмола облысының оңтүстігінде және Шығыс Қазақстан облысындағы Жаңғызтөбе аумағында 20-67 рет болады. Оңтүстік облыстарда борандар сирек 10 жылда 1-5 күндей, бірақ Қызылорда облысының солтүстігінде, Түркістан облысының тау асуларында айына 1-4 тәулік болып тұрады. Боранның ұзақтығы көбінесе бірнеше сағаттай болып, бірақ кейде 2-3 тәулік, Ақтөбе облысындағы Мұғалжар тауларының өңірінде және Шығыс-Қазақстан облысының Жаңғызтөбе М. 5-6 тәулікке дейін барады.

Көктайғақ құбылыстар әдетте 0,-8 °С-қа дейінгі температурада пайда болады. Көктайғақтың ең көп тап болатын аудандарына Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Алматы облыстары жатады, ақпанда орта есеппен 1-3 күндей, кей жылдары 10-18 күндей болады. Республиканың солтүстік облыстарында ақпандағы көктайғақ сирек құбылыс және жыл сайын бола бермейді.

Тұмандар ақпан айында көбінесе республиканың таулы аудандарында 8-15 күндей, ал Түркістан облысының жазық бөлігінде айына 2-3 күндей болады.

Ақпанда күннің күркіреуі тек Қазақстанның оңтүстігінде, оның ішінде Түркістан облысында 10 жылда 1-4 рет болуы мүмкін.


**Ақпан айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні.
(норма 1991-2020 жж.)**

| Облысы | ауа температурасы, °С | жауын-шашын мөлшері, мм |
|----------------------------|-----------------------|-------------------------|
| Батыс Қазақстан облысы | -6,2...-11,1 | 10...22 |
| Атырау облысы | -4,4...-9,4 | 6...14 |
| Маңғыстау облысы | -6,2...+0,6 | 7...13 |
| Ақтөбе облысы | -9,2...-14,3 | 10...27 |
| Қостанай облысы | -13,3...-15,3 | 8...22 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | -13,8...-15,7 | 11...21 |
| Ақмола облысы | -13,1...-15,8 | 10...26 |
| Астана қ. | -13,6 | 17 |
| Павлодар облысы | -11,9...-15,9 | 10...15 |
| Қарағанды облысы | -10,8...-13,5 | 11...18 |
| Ұлытау облысы | -9,3...-16,9 | 7...27 |
| Абай облысы | -8,8...-16,9 | 6...37 |
| Шығыс Қазақстан облысы | -10,6...-18,2 | 8...29 |
| Қызылорда облысы | -1,4...-9,4 | 7...19 |
| Түркістан облысы | -5,3...+2,8 | 14...97 |
| Шымкент қ. | +1,3 | 90 |
| Жамбыл облысы | -1,3...-8,0 | 10...57 |
| Алматы облысы | -1,8...-10,7 | 8...50 |
| Алматы қ. | -2,4 | 43 |
| Жетісу облысы | -2,7...-12,3 | 2...44 |


2025 жылдың ақпан айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

Ақпан айында бір айдағы ауаның орташа температурасы республика аумағының басым бөлігінде *норма шамасында*, еліміздің оңтүстік-батысында *нормадан 1° жоғары*, еліміздің шығысында *нормадан 1° төмен* болады деп күтілуде.

2025 жылдың ақпан айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




Ақпан айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма 1991-2020 жж.)




2025 жылдың ақпан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Ақпан айында жауын-шашын мөлшері еліміздің басым бөлігінде *нормадан көп*, Маңғыстау және Түркістан облыстарының басым бөлігінде, Атырау, Ақтөбе облыстарының оңтүстігінде, Қостанай облысының солтүстігінде, Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік-батысында, Ұлытау облысының оңтүстік-батысында, Қызылорда облысының солтүстік жартысында, Жамбыл облысының оңтүстік-батыс жартысында *норма шамасында*, Маңғыстау облысының оңтүстік-шығысында, Қызылорда облысының оңтүстік жартысында, Түркістан облысының оңтүстік-батысында *нормадан аз* болады деп күтілуде.

2025 жылдың ақпан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы




Ақпан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма 1991-2020 жж)



2025 жылдың ақпан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстан аймағының басым бөлігінде $-10-16^{\circ}\text{C}$, Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарында, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының басым бөлігінде, Ақтөбе облысының оңтүстік - батысында, Түркістан облысының солтүстік жартысында $-1-9^{\circ}\text{C}$, Маңғыстау облысының қиыр оңтүстік-батысында, Түркістан облысының оңтүстігінде $0,+3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде.


2025 жылдың ақпан айындағы күтілетін орташа айлық ауа температурасы




ЖЫЛ - аналогы 2024

Қазақстан облыстары бойынша ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Маңғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы




Ұлытау облысы




Қарағанды облысы




Абай облысы




Шығыс Қазақстан облысы




Қызылорда облысы




Түркістан облысы




Жамбыл облысы



Алматы облысы



Жетісу облысы



Шартты белгілер:

- | | | | | | |
|--|--|--|---------------------------------------|--|--------|
| | кей жерлерде жауын-шашын | | қар | | бұршақ |
| | аздаған жауын-шашын | | нөсерлі қар | | дауыл |
| | қар аралас жаңбыр | | нөсерлі жаңбыр | | |
| | ыпғалды нөсерлі жаңбыр | | найзағай | | |
| | нөсерлі жаңбыр | | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі | | |
| | шанды дауыл | | с | | |
| | кек тайғақ | | юв | | |
| | тұрман | | св | | |
| | бұрқасын | | юз | | |
| | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы | | з | | |
| | түнгі ауа температурасының барысы | | юз | | |
| | күндізгі ауа температурасының барысы | | юз | | |
| | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы | | | | |

Қазақстан облыстары бойынша 2025 жылғы ақпан айына консультативтік ауа райы болжамы

Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-6,6-10,4^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: $-6,2-11,1^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -3°C -тан $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* -10°C -тан $+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* -4°C -тан $+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* $-8-13^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде *түнде* -28°C дейін, *күндіз* -16°C дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-13-18^{\circ}\text{C}$ дейін, *күндіз* $-1-6^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* -8°C дейін, *күндіз* $+4^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 10-22 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында, қар бірінші және екінші онкүндіктердің соңында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Көктайғақ бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында, тұман айдың басында және соңында болуы мүмкін. Жел $15-20$ м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-3,4-8,5^{\circ}\text{C}$, болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, облыстың солтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма: $-4,4-9,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$ -тан $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $-0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында *түнде* -15°C -қа дейін, *күндіз* -9°C -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз* $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -20°C -қа дейін, *күндіз* $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін, батыста -4°C , *күндіз* $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* $-12-17^{\circ}\text{C}$ -қа, *күндіз* $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* $-6-11^{\circ}\text{C}$, *күндіз* $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан көп*, облыстың оңтүстігінде *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 6-14 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, қар екінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің ортасында, екінші, онкүндіктің ортасында болжанады. Көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында, тұман айдың бірінші және екінші онкүндіктерінің ортасында болуы мүмкін деп болжануда. Жел $15-20$ м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында және ортасында күтіледі.



Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-5,3+1,6^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° жоғары (норма: $-6,2+0,6^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ -тан $+7+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында $+3^{\circ}\text{C}$ -тан $+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында -17°C дейін, күндіз $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан, батыста $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстік-шығыста -8°C дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында -17°C -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, батыста $+1^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстік-шығысында -8°C -тан $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстік-шығысында нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 7-13 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, қар екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұрқасын екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында, шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында және екінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі.



Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-8,5-13,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-9,2-14,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -8°C -тан $+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан, шығыста -13°C -тан $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+6^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-22-27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -15°C -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте -16°C -қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-3-8^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде 0° , күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының түнде $-22-27^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде -32°C дейін, күндіз $-14-19^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде -11°C дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-17-22^{\circ}\text{C}$ дейін, солтүстікте -27°C дейін, күндіз $-9-14^{\circ}\text{C}$, оңтүстігінде -6°C дейін жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-22-27^{\circ}\text{C}$, солтүстікте -32°C дейін, күндіз $-14-19^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте -9°C дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде -20°C , күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+3^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік жартысында нормадан көп, облыстың оңтүстік жартысында норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 10-27 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында, қар бірінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Бұрқасын жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, көктайғақ бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Жел $15-20$ м/с - жиі бірінші және екінші онкүндіктерде күтіледі.



Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-13,0-15,0^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-13,3-15,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында -23°C -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте -9°C дейін, күндіз $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -10°C дейін, күндіз 0° жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде $-27-32^{\circ}\text{C}$, күндіз $-15-20^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде түнде -36°C , күндіз -23°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-27-32^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде -36°C -тан $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан көп, облыстың солтүстігінде норма шамасында болады деп күтілуде. (норма: 8-22 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, қар бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын, жел 15-20 м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында болады деп болжанады. Тұман айдың басында және соңында болуы мүмкін.



Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-13,9-15,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-13,8-15,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-18-23^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-12-17^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте -20°C $-2+3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-22-27^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-17-22^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде $-30-35^{\circ}\text{C}$, күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-30-35^{\circ}\text{C}$ -тан $-6-11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$ -тан $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан көп, облыстың солтүстік-батысында норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 11-21 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, қар бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын, жел $15-20$ м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында болады деп болжанады. Тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-13,1-15,7^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-13,1-15,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында -25°C -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде 0° , күндіз $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуін болжайды.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-19-24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында -29°C -қа дейін, күндіз $-13-18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -6°C дейін, күндіз 0° жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде $-28-33^{\circ}\text{C}$, күндіз $-16-21^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде түнде -37°C , күндіз -26°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-28-33^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте -37°C -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында -15°C дейін, күндіз $-16-21^{\circ}\text{C}$ -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 10-26 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында, қар бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын, жел 15-20 м/с жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің соңында, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында болады деп болжанады. Тұман екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін.



Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-12,2-16,3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-11,9-15,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстігінде -23°C -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-27-32^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында -35°C , күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$, облыстың солтүстік-шығысында -25°C дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-27-32^{\circ}\text{C}$, шығыста -35°C -тан $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$, солтүстік-шығыста -25°C -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде -1°C дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 10-15 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, қар жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын, жел 15-20 м/с жиі бірінші және екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің соңында, көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында болады деп болжанады.



Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-10,7-13,3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-10,8-13,5^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-19-24^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында -30°C , күндіз $-13-18^{\circ}\text{C}$ дейін, оңтүстікте -8°C дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-7-12^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде -3°C , күндіз $-2+3^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының түнде $-27-32^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-15-20^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында түнде -35°C , күндіз -24°C дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-16-21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-21-26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан көп, облыстың оңтүстік-батысында норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 11-18 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, қар жиі бірінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұрқасын, жел 15-20 м/с жиі айдың бірінші жартысында және үшінші онкүндіктің басында болжанады. Көктайғақ екінші онкүндіктің басында және ортасында, тұман жиі айдың бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін.



Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-9,5-17,1^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-9,3-16,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, шығыста -23°C -тан, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында -15°C -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $+1+6^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, облыс орталығында түнде -30°C дейін, күндіз -19°C дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -5°C дейін, күндіз $+2^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы түнде $-28-33^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-17-22^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың орталығында түнде $-38-43^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-25-30^{\circ}\text{C}$ дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, батыста -6°C , күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 7-27 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, қар жиі бірінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Бұрқасын, жел 15-20 м/с айдың бірінші жартысында және айдың үшінші онкүндігінің басында жиі болжанады. Көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында және екінші онкүндіктің ортасында, тұман екінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін.



Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-9,8-17,9^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1° төмен (норма: $-8,8-16,9^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігі мен шығысында -21°C -тан $-1-6^{\circ}\text{C}$, күндіз $-3-8^{\circ}\text{C}$, шығыста -11°C -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте $+8^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында түнде -30°C -қа дейін, күндіз -17°C -қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ дейін, шығыста -23°C -қа дейін, күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде $+2^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-31-36^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-20-25^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың шығысында түнде -41°C дейін, күндіз -30°C дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында түнде -10°C -қа дейін, күндіз -2°C -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 6-37 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында, жиі екінші және үшінші онкүндіктерде жауады деп күтілуде, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында болады деп болжануда. Бұрқасын, жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін.



Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-11,6-19,2^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл нормадан 1 төмен (норма: $-10,6-18,2^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аудандарында $-25-30^{\circ}\text{C}$ -тан $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+5^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -тан, таулы аудандарда -17°C -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін, оңтүстікте $+10^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-32-37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-22-27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аймақтарында түнде -42°C -қа дейін, күндіз -30°C -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-32-37^{\circ}\text{C}$ -тан $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте және таулы аудандарда -42°C -тан -25°C -қа дейін, күндіз $-22-27^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте және таулы аудандарда -30°C -тан $-10^{\circ}\text{C}-15^{\circ}\text{C}$ -қа, облыстың оңтүстігінде -7°C дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 8-29 мм).

Қар бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ екінші онкүндіктің басында болжанады. Бұрқасын, жел 15-20 м/с айдың бірінші жартысында және соңында жиі болжанады. Тұман бірінші онкүндіктің ортасында және екінші онкүндіктің басында күтіледі.



Қызылорда облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-1,2-8,8^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-1,4-9,4^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде -18°C -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте -9°C -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте түнде -18°C -қа дейін, күндіз -5°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-3+2^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде -7°C , күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ дейін, оңтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының түнде $-17-22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте түнде -12°C -қа дейін, күндіз 0° төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде -3°C -қа дейін, күндіз $-0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде $-13-18^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $0,+5^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстік жартысында норма шамасында, оңтүстік жартысында нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 7-19 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында, қар, бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің басында және соңында, шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі күтіледі.



Түркістан облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-5,0+3,1^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-5,3+2,8^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-5-10^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және Төлеби ауданында -15°C -тан 0° , күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде және Төлеби ауданында -8°C -тан $+10^{\circ}\text{C}+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+20^{\circ}\text{C}$ біртіндеп жоғарылайды деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-1+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+4+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және Төлеби ауданында түнде -6°C -қа дейін, күндіз -2°C -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $+5+10^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде және Төлеби ауданында 0° , күндіз $+10+15^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде $+20^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде $-9-14^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-9-14^{\circ}\text{C}$ -тан $-4-9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте 0° , күндіз $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстік-батысында нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 14-97 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында және жиі үшінші онкүндікте, қар бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, жиі үшінші онкүндікте болжанады. Тұман жиі бір ай ішінде, көктайғақ бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел $15-20\text{ м/с}$ бір ай ішінде жиі болжанады.



Жамбыл облысы

Айдағы орташа ауа температурасы $-1,3-8,1^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-1,3-8,0^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында -18°C -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте және таулы аудандарда -9°C -тан $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+18^{\circ}\text{C}$ дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында -13°C , күндіз $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, оңтүстікте $+18^{\circ}\text{C}$ -тан $-3+2$ -қа дейін, солтүстікте және таулы аудандарда -8°C -қа, дейін ауытқуы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде $-15-20^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз $-7-12^{\circ}\text{C}$ -қа, солтүстікте және таулы аймақтарда түнде -25°C -қа, күндіз -17°C -қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аймақтарында -16°C -қа дейін, күндіз $0,-5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың оңтүстік-батыс жартысында норма шамасында, облыстың солтүстік-шығыс жартысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 10-57 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбыскы қар), көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, қар бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман айдың басында, ортасында және соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі болжанады.



Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-2,3-10,3^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-1,8-10,7^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-3+2^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$ -тан, солтүстікте және облыстың таулы аймақтарында түнде -20°C -тан -5°C -қа дейін, күндіз -8°C -тан 0° біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-5-10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, оңтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте және облыстың таулы аймақтарында түнде -5°C -тан -15°C -қа, $0^{\circ}-8^{\circ}\text{C}$ дейін ауытқуы болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $-20-25^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, солтүстікте және таулы аймақтарда түнде -30°C дейін, күндіз -18°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-8-13^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың солтүстігінде және таулы аймақтарында -18°C , күндіз $-2-7^{\circ}\text{C}$, облыстың оңтүстігінде $+3^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 8-50 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, қар бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бір ай ішінде жиі болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші және екінші онкүндіктердің басында және соңында болжанады.



Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы $-3,3-13,0^{\circ}\text{C}$ болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма: $-2,7-12,3^{\circ}\text{C}$).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде $-11-16^{\circ}\text{C}$ -тан $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-4+1^{\circ}\text{C}$ -тан $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, оңтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$, солтүстікте және облыстың таулы аймақтарында түнде -21°C -тан -5°C -қа, күндіз -10°C -тан $+2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан $-11-16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, оңтүстікте $+15^{\circ}\text{C}$ -тан $-4+1^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, солтүстікте және облыстың таулы аймақтарында түнде -5°C -тан -21°C -қа дейін, күндіз $+2^{\circ}\text{C}$ -тан -10°C дейін ауытқуы болжанады. Содан кейін ауа температурасы түнде $-23-28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз $-12-17^{\circ}\text{C}$ дейін, солтүстікте және таулы аймақтарда түнде -33°C дейін, күндіз -21°C дейін төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы түнде $-10-15^{\circ}\text{C}$ дейін, күндіз $-4-9^{\circ}\text{C}$ дейін, облыстың оңтүстігінде түнде -5°C дейін, күндіз $+2^{\circ}\text{C}$ дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 2-44 мм).

Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында, қар бірінші, екінші онкүндіктердің басында және үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Бұрқасын бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман бірінші және екінші онкүндіктердің ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, жиі екінші онкүндікте күтіледі.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мәңгілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz